

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ МУЗЕОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ  
КАФЕДРА АРХЕОЛОГИИ, ЭТНОЛОГИИ И МУЗЕОЛОГИИ

**«ОТАНДЫҚ АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ:  
ЗЕРТТЕУЛЕР, ЖАҢАЛЫҚТАР, ТАЛДАУЛАР»**

атты «V Оразбаев оқулары»  
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

26-27 сәуір 2013 ж.

**МАТЕРИАЛЫ**

республиканской научно-практической конференции  
«V Оразбаевские чтения»

**«ОТЕЧЕСТВЕННАЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ:  
ИССЛЕДОВАНИЯ, ОТКРЫТИЯ И ИНТЕРПРЕТАЦИИ»**

26-27 апреля 2013 г.

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2013

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Мұтанов Ғ.М. Кіріспесіз.....	3
------------------------------	---

### БАЯНДАМАЛАР / ДОКЛАДЫ

Таймагамбетов Ж.К., Мамиров Т.Б. Гео-геоморфология и природная обстановка арало-каспийская рсгиона в эпоху палсолита.....	4
Айхан Пала Оғыздарда садақ (жай) символы.....	11
Омарбеков Т. Суан тайпасының иежелгі тарихы .....	16
Kılıncıkaуа M.D. Tarih yazıcılığında görsel malzemenin kullanımı.....	20
Жумагулов К.Т. Духовный мир германских плсмен по данным письменных источников и археологии.....	26
Толеубаев А.Т. Золотоносность земель восточного казахстана и шиликтинской долины (к вопросу генезиса сырья.....	32
Елеуов М. Ә.М. Оразбаевтың Шу өңіріне жүргізген зерттеулері .....	41
Қалыш А.Б. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі неке тұру динамикасы және отбасының қалыптасуы.....	45

### ОТАНДЫҚ АРХЕОЛОГИЯ: ЗЕРТТЕУЛЕР, ЖАҢАЛЫҚТАР, ТАЛДАУЛАР ОТЕЧЕСТВЕННАЯ АРХЕОЛОГИЯ: ИССЛЕДОВАНИЯ, ОТКРЫТИЯ И ИНТЕРПРЕТАЦИИ

Мартынов А.И. Археологические факты и исторический прцесс в степной Евразии.....	52
Кожа М.Б. Город и степь позднесредневековокго Казахстана.....	57
Погребальные комплексы эпохи бронзы Северного Казахстана.....	64
Нурмуханбетов Б., Тулегенов Т.Ж. Аварийно-спасательные работы на территории некрополя иссык (итоги сезона 2011 г.) .....	78
Ткачев А.А. К проблеме культуругенеза Нуриной культуры Центрального Казахстана.....	82
Омаров Ғ.Қ., Умиткалиев У.У. Ә.М. Оразбаевтың Марқакөл өңірінде жүргізген зерттеулері (Архив материалдары негізінде).....	96
Новоженев В.А. Ямно-Афанасьевские изобаразительные коммуникации населения сары арки в эпоху ранней бронзы.....	100
Қатран Д. Отырғызып жерлеу және ақым.....	118
Терновая Г.А. К вопросу о культуровой принадлежности крестовидных построек конца III-IV вв.....	121
Ахметкалиев Р.Б., Алтынбеков К., Беймбетова М.А. Использование новых технологий при консервации и рестоврации археологической древесины.....	129
Талеев Д.Ә. Ауызша тарих пен археолоиялық зерттеулердің үйлесімділігі.....	133
Байгунаков Д.С. Т.Н. Сенигованың отандық археология мен мәдснигенезге қосқан ғылыми үлесі.....	136
Мәми Т. Түрік этностарының этномәдени мәселелері .....	142
Ренато Сала, Жанмарк Деом. Энвайронментальная археология.....	149
Бисембаев А.А., Байдышев Т. Ямные погребения могильника Кумсай (долина р.Уил, Актюбинская область).....	153
Ержанова А.Е. Талдысай қонысынан табылған тас құралдардың қызметі.....	157
Нуржанов. А.А. Кадиркулова. Г.К. Образ волка у древних тюрков.....	162
Мырзабекова Р.С. Ортағасырлық Еуропа мәдениетіндегі қаланың орны.....	170
Ақымбек Е.Ш. X-XIII ғғ. басындағы Шу-Талас өңірлеріндегі қыш және сәулет өнеріндегі өзгерістер.....	173
Иванов С.С. Новый клад бронзовых предметов раннесакского времени из ущелья Шамши.....	177
Бисембаев А.А., Мырзағалиев Е. Предметы вооружения из погребений кочевников	

6. Маргулан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – А., 1979; Данилевский В.В. Русское золото. – М., 1959.
7. Кузнецова Е.Ф., Мадина С.Ш. Исследование древнего золота Казахстана // Совет. Археология. –1990. – № 2. – С.147.
8. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алма-Ата, 1983.
9. Грязнов М.П. Золото Восточного Казахстана и Алтая // Академия наук на новостройках в 1932-1933 гг. – М., 1935. – С.192-193.
10. Малышев В.М., Румянцев Д.В. Золото. – М., 1979. – с.12.
11. Черников. Древняя металлургия и горное дело Западного Алтая. – Алма-Ата, 1949. – С.6.
12. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. – Т.1. – Алматы, 1996. – С.337.
13. Жаутиков Т. Золотоносность Шиликтинской долины // Научные исследования и реконструкция шиликтинского золотого человека. Отчет. – Алматы, 2007. – С.103.
14. Спасский Г.О. О существовании золотосодержащих песков и самих месторождений золота в Киргизско-Кайсацкой степи // Горный журнал. – 1827. – №2. – С.60.
15. Аубакирова Қ.Ш. Шығыс Қазақстанның алтын өнеркәсібіндегі кәсіпкерліктің қалыптасуы және дамуы (XIX ғасырдың 30-жылдары – 1917 жылға дейін). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Қарағанды, 2008. – С.30.
16. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. – Ч.II. Кн.II. – СПб., 1786. – С.282.
17. Экспедиции Академии Наук в XVIII и XIX веках. – М.-Л., 1940. – С.37.
18. Левшин А.И. Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996. – С.91.
19. Коцовский В.Д. Отчет по стат-экономическому и техническому исследованию золотопромышленности Семипалатинской и Семиреченской областей. Районы правых притоков Иртыша. – Часть. I. – СПб., 1904. – С.9.
20. ЦГА РК, ф.345, оп.1, д.2440. – С.190-194.
21. Атлас золотых приисков и рудников Устькаменогорского и Зайсанского уездов Семипалатинской области. – Семипалатинск, 1909. – С.22-29.
22. Нехорошев В.П. История исследования территории Большого Алтая // Большой Алтай. – Л., 1934. – С.17-19.
23. Нечаев А. Геологические исследования Семипалатинской области // Известия геологического комитета. – Т.33. – 1914. – С.108
24. Татаринов А. Отчет о действии поисковых партии в Алтайском горном округе в 1850 г. // Горный журнал. Ч.III. Книжка 5. 1851. – С.81.
25. Коцовский В.Д. Отчет по стат-экономическому и техническому исследованию золотопромышленности Семипалатинской и Семиреченской областей. Районы правых притоков Иртыша. – Часть. I. – СПб., 1904. – С.32.
26. Кузнецова Е.Ф., Мадина С.Ш. Исследование древнего золота Казахстана // Сов. Археология. –1990. – № 2. – С.148.
27. Коцовский В.Д. Отчет по стат-экономическому и техническому исследованию золотопромышленности Семипалатинской и Семиреченской областей. – СПб.: Типо-лит. «Якорь», 1904.
28. Сборовский А. Материалы к изучению горного дела в степных областях Западной Сибири // Записки Западно-Сибирского отделения Императорского русского географического общества. – Кн. XIX. – Омск, 1896. – С.107.

**М. Елеуов**

### **Ә.М. ОРАЗБАЕВТИҢ ШУ ӨҢІРІНДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

1974 жылы Жамбыл облысының Шу ауданындағы Ақсу ауылы (бұрынғы Калинин колхозы) жерінде орналасқан ортағасырлық Ақтөбе қаласы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) тарих факультетінің студенттері археологиялық практика өтетін базасы болып бекітіліп, онда археология және этнография кафедрасының меңгерушісі У.Х. Шәлекенов басқарған Университет археологиялық экспедициясы (УАЭ) қазба жұмыстарын бастады [1]. 1974 жылғы қазба жұмыстарын цитадельден 1,5 км солтүстік-шығыста орналасқан бес баға А.С. Загородний, цитадельден 40 м солтүстікте, шахристанда Н.О. Алдабергенов қазба 1 жүргізді. Сол жылы Ақтөбенің шахристанына келетін сукұбырларын іздеу мақсатында

құрылған топ (М. Елеуов) 1969 жылы Ақсу су қоймасын салу кезінде үйілген, цитадельден оңтүстік-батысқа қарай 270 м созылып жатқан, ені 10 м, биіктігі 3 м жалдың оңтүстік-батыс шетінен көлемі 10x4 м (шурф 1) қазып, 0,8 м тереңдіктен шахристанға қарай бағытталған екі қатар суқұбырларын ашты. Ашылған суқұбырларының жалғасын, оның бағыттарын анықтау үшін 1-шурфтың оңтүстік-батыс жағынан траншея 1 (4x1 м), онан 12 м жерде шурф 2 (4x1 м), траншея 2 (10x2 м), онан оңтүстік-батыстағы 1969 жылы оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай қазылған ұзындығы 50 м, тереңдігі 5-6 м шұңқырдың оң жағынан шурф 3 (6x1 м), траншея 3 (4x1,5 м) және сол жағынан шурф 4 (4x1,5 м) қазылды. Жүргізілген қазба жұмыстарының барысында 1-траншеядан 1-қазбадағы екі қатар құбырдың жалғасы ашылды, оның оңтүстік-шығыс желісінде құбырмен ағып келген суды тұндырып, әртүрлі бағытқа жіберетін аумағы 45 см ыдыс орналасқан. 2-шурф пен 2-траншеядан үш қатар суқұбырлары, 3-шурф, 3-траншея және 4-шурфтан бір қатар су құбырлары ашылды, олар шахристанға қарай бағытталған [2, с. 41–46; 3, с. 24–28].

1975 жылдан бастап белгілі археолог, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚазМУ – дың археология және этнография кафедрасының негізін қалаушы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев ортағасырлық Ақтөбе қаласында және Шу өңірінде зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ә.М. Оразбаев жетекшілік еткен археологиялық топ 1975 жылы ортағасырлық Ақтөбе қаласының суқұбырларын зерттеуді жалғастыру мақсатында 1974 жылы қазылған 4-шурф оңтүстік-батыс бағытында 2,5x1,5 м көлемде жалғастырылып, оңтүстік-батыстан, солтүстік-шығысқа қарай бағытталған суқұбырларының жалғасын ашып, сонымен қатар 4-шурфтан 1,5 м жерде шурф 5 (2,75x1-1,25 м), 20 м жерде шурф 6 (4-1,5 м), 35 м жерде шурф 7 (5x1,5 м), онан 150 м жерде шурф 8 (7,7x1,5 м) қазылды. Қазылған 4-шурфтың жалғасынан бір қатар суқұбыры, 5-шурфтан 1,75 м және 0,75 м тереңдіктен оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағытталған су құбырлары ашылды. 2 м тереңдікте қазылған 6-шурфтан және 1,7 м тереңдіктен қазылған 7-шурфтан суқұбырлары табылған жоқ, 8-шурфтан 3,4; 3,35; 3,2 м тереңдіктен төрт қатар суқұбырлары ашылды, олар солтүстік-шығысқа қарай бағытталған.

Осы жылы 1974 жылы 1-шурфтың солтүстік-шығыс жағынан қазылған траншеядан (3,9x1,4 м), жалдың астынан 1,7 м тереңдіктен оңтүстіктен солтүстікке қарай бағытталған төрт қатар суқұбырлары ашылды [2, с. 46-53; 3, с. 28-29].

Шахристан мен рабадта (шаруашылық аймағында – М.Е) жүргізілген қазбалардың нәтижесінде оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағытталған суқұбырларының негізгі желісінен бөлініп шығатын суқұбырлары бар екендігі белгілі болды [3, с. 29].

1976 жылы шахристан мен цитадельге қарай бағытталған су құбырларының бағытын анықтау мақсатында цитадельден 100-200 жерден, 1969 жылы үйілген жалдың сол жақ жиегінен көлемі 10x5 м траншея (траншея 2) 2,85 м тереңдікте қазылды, одан кейін осы траншеяның солтүстік қабырғасын жиектей көлемі 4x2 м шурф салынды. Шурфты 4,3 м тереңдікте қазған кезде онан оңтүстіктен солтүстікке қарай бағытталған 9 суқұбыры ашылды. Құбырлардың топырақ жалдың астына қарай кеткен оңтүстік жағын ашу үшін ені 1,5 м, ұзындығы 2,8 м туннель қазылды. Сонымен 2-траншеядағы қазба жұмыстарының барысында барлығы 28 су құбыры ашылды. Бір қатар суқұбыры желісінен ашылған 28 суқұбырларының 15-і оңтүстіктен солтүстікке қарай, ал 16 суқұбырынан бастап қалған суқұбырлары солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталған [3, с. 29-30; 4, с. 40-44].

1976 жылы цитадельден 70-80 м батыста, шахристанның оңтүстік-батыс жағындағы қыш кесектер шығып жатқан жерде көлемі 15x15 м қазба жүргізілді. Қазбаны 0,6 – 0,8 м тереңдеткенде қыш кесектен қаланған қабырғаның құландысы шыға бастады, қабырға көлемдері 22,5x22,5x3,5-4,5 см; 26,5x14x4,5 см кесектен қаланған [4, с. 46-48].

1977 жылы 1-траншеядағы қазба жалғастырылып, онан 1,4 м тереңдіктен 1976 жылы ашылған солтүстікке қарай бағытталған суқұбырларының жалғасы шықты. Траншеяның солтүстік қабырғасында жүргізілген қазбадан суқұбыры желісінің солтүстік-батыс жағының

батысқа қарай бұрылғаны анықталды. Осы жерде батыс, солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс бағытында тартылған суқұбыр желілері бір-біріне жалғасқан.

1977 жылы 1-траншеяда жүргізілген қазбаның батыс қабырғасынан 1,75 м жерден батыстан оңтүстік-шығысқа қарай өткен суқұбыры желісінің үстінен 0,65 м биіктіктен 9 құбырдан тұратын, оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай тартылған желі ашылды.

1975 жылы қазылған 1-шурфтан ашылған оңтүстік-батыстан шығысқа қарай бағытталған суқұбырын онан ары ашу үшін 1977 жылы көлемі 10x3 м траншея қазылды. 3,65 м тереңдікте қазылған траншеядан батыстан шығысқа қарай бағытталған үш қатар суқұбыры ашылды.

1975 жылғы 8-шурфтың батыс жағынан 1977 жылы қазылған траншеядан солтүстікке бағытталған бір қатар суқұбыр желісі ашылды, ол траншеядағы солтүстік-шығысқа бағытталған құбырларға көлденең орналасқан. 8-шурфтан ашылған суқұбырларының батыстан шығысқа бағытталған желісі оңтүстіктен солтүстікке қарай бағытталған суқұбырларынан кейін салынған.

1977 жылы 1974 жылы қазылған 1-шурфтың батыс жағынан оңтүстік-батысқа қарай ұзындығы 26 м, ені 9 м траншея 2 қазылды. Онан бір және екі қатар суқұбыры желілері ашылды, олар 0,85 м тереңдікте жатыр. Шығысқа қарай бағытталған бір қатар суқұбыры желісінен сүзекі суқұбыры ашылды. Сүзекі құбырдың ұзындығы 51 см, оның тар жағы 12,5 см, ал аумағы 19,5 см кең жағында әртүрлі көлемдегі 19 тесігі бар. 1977 жылы жалпы ұзындығы 100 м су құбырлары ашылып, зерттелді [3, с. 30 – 33; 5, с. 69-80].

1979 жылы Ақтөбенің суқұбырларын зерттеу мақсатында шахристаннан оңтүстік-батысқа қарай алты траншея қазылып, жалпы ұзындығы 0,5 км суқұбыры желілері ашылып, зерттелді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде суқұбырларының басы Дода арық каналының жағасындағы көлемдері 2000 – 2500 м<sup>2</sup> және 500–600 м<sup>2</sup> су қоймаларынан басталатыны анықталды [3, с. 33 – 36].

Сонымен 1974-1977 және 1979 жылдарда жүргізілген археологиялық жұмыстар барысында ортағасырлық Ақтөбе қаласының суқұбырлары жан-жақты зерттеліп, олардың Дода арық каналының бойындағы су қоймаларынан басталып оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай жер жағдайының бедерін есепке ала отырып салынған күрделі инженерлік құрылыс екендігі белгілі болды. Суқұбырлары желісіндегі құбырлар оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай әр 100 метрде 1 м төмендеп отырған, соның нәтижесінде құбырмен аққан су шахристанға, цитадельге жеткен [3, с. 37].

1978-1980 жылдарда Ә.М. Оразбаев жетекшілік еткен археологиялық топ қола ғасыры мен ерте темір ғасырының ескерткіштерін тауып, есепке алып, зерттеу мақсатында Шу өңірінде барлау жұмыстарын жүргізді.

1978 жылы қола ғасырының қоныстарын іздестіру мақсатында археологиялық топ Жамбыл облысының Қордай ауданындағы Георгевска совхозы мен Тері заводы төңірегінде барлау жұмыстарын жүргізген кезде топырақтан үйілген обаларды тауып, есепке алды [6, с. 87].

1978 жылы Шу ауданындағы Ақсу мен Қарабалта өзендері алқабында жүргізілген барлау кезінде Жетіжар I, II обалар қорымы есепке алынып, қазба салынды. Жетіжар I обалар қорымы Шу ауданындағы Калинин колхозының орталығынан 1,5 км оңтүстік-батыста, Ақсу өзенінің сол жағалық жоғарғы терассасында, Ақсу мен Қарабалта өзендерінің аралығындағы биік жерде орналасқан, қорымдағы 70 оба оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа 400 м, солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 320 м созылып жатыр. Қорымдағы обалардың орташа көлемдері 10-12 м, биіктігі 0,5-0,7 м, көлемі жағынан 11, 27, 34, 35 және 70-ші обалар үлкен. Жетіжар II обалар қорымы Жетіжар I-ден оңтүстік-батыста орналасқан.

1978 жылы Жетіжар I обалар қорымындағы үш обада (13, 21, 43) қазба жұмыстары жүргізіліп, олардың б.з.д. V-III ғасырларда Ақсу мен Қарабалта өзендері алқабын мекендеген тайпалардың рулық жерлеу орны екені анықталды [6, с. 86-97; 7, с. 62-70].

1979 жылы Жетіжар I обалар қорымындағы 5 обада (17, 29, 38, 50, 70) қазба жұмыстары жүргізіліп, Жетіжар II обалар қорымының жобасы түсірілді. Жетіжар II обалар қорымы Жетіжар I-ден оңтүстікке 400-500 м жерде орналасқан. Қорымдағы 19 оба топырақтан үйілген, олар оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай 295 м созылып жатыр. Аумағы 10 м асатын обалардың биіктігі 0,5 м, ал 35-40 м обалардың биіктігі 3-4 м [8, с. 54-62].

1980 жылы Ә.М. Оразбаев басқарған археологиялық топ Жетіжар I обалар қорымындағы 90-обада және 65-обада қазба жүргізілді. Сонымен қатар бұл топ Жалаңаш, Тасжарған обалар қорымында қазба және Шу өңірінде барлау жұмыстарын жүргізді [9, с. 24-37].

Жалаңаш обалар қорымы Жамбыл облысы Қордай ауданының орталығы Қордай ауылынан 17-18 км оңтүстік-шығыста орналасқан, қорымда 23 оба бар, олар тас аралас топырақтан үйілген. Зерттеу барысында қорымдағы обалардың жобасы түсіріліп, 7-обада қазба жүргізіліп, оның бос оба (кенетаф) екені анықталды [9, с. 26 – 27].

Тасжарған обалар қорымы Жамбыл облысы Қордай ауданындағы Чапаев ауылынан 1,5-2 км оңтүстікте, Жалаңаш өзенінің сол жағасында орналасқан. Қорымда 74 оба және бірнеше тас қоршаулар бар. 1980 жылы қазба жұмыстары 1-обаның б.з.д. V-III ғасырлар; ал 1-қоршаудың б.з.д. VIII ғасыр кезіндегі құрылыс екені анықталды [9, с. 26-31].

1980 жылы археологиялық топ Жамбыл облысында барлау жұмыстарын үш маршрут бойынша жүргізді. 1-маршрут Шу-Жамбыл авторассасының бойында, кері қайтқанда Жамбыл-Мерке-Ақсу бағыты бойынша жүргізілді. 2-маршрут Шу өзенінің оң жағасымен оңтүстік-шығысында Михайловка ауылынан бастап, солтүстік-батысында Шу қаласына дейінгі аралықта жүргізіліп, Жаңажол ауылының жанындағы ортағасырлық Жаңажол қаласының құрылымын зерттеді.

Барлау жұмыстарын Шу қаласы мен Көктерек ауылы аралығында жүргізген кезде археологиялық ескерткіштер кездескен жоқ.

3 – маршрут Хантау станциясынан солтүстік-шығысқа қарай Хантауы бағытында жүргізіліп, станциядан 6 км жерден қиыршақ тас аралас тастан үйілген 2 оба есепке алынды, обалардың аумағы 25-29 м, биіктігі 2,4x2,5 м. Осы обалардан шығыста 15 км жерден 14 обадан тұратын Екіжалды I обалар қорымы, онан 1 км шығыстан 7 обадан тұратын Екіжалды II обалар қорымы ашылды.

1980 жылы ашылған Сұңқар обалар қорымы Хантау мен Сұңқар тауларының аралығында орналасқан. Обалар оңтүстіктен солтүстікке қарай 150 м-ге созылып жатыр, аумағы 5-8 м обалардың оңтүстік жағында көлемі 10x4 м қоршау орналасқан.

Жабалы Кеген обалар қорымы Көктерек ауылынан солтүстікте 6 км жерде Хантауының солтүстік беткейінде орналасқан. 17 обадан және 3 төртбұрышты қоршаудан тұратын қорым солтүстіктен оңтүстікке қарай 270 м-ге созылып жатыр. Обалар тастан үйілген аумағы 5-20 м, биіктігі 0,3-2 м [9, с. 32 – 36].

Сонымен Ә.М. Оразбаев 1975-1977, 1979 жылдар аралығында Ақтөбенің шахристанында, шаруашылық аймағында әртүрлі көлемде қазба жұмыстарын жүргізіп X-XII ғасырлар кезінде қалада күрделі сукұбырлары желісі болғанын анықтауға сүбелі үлес қосты.

1978-1980 жылдарда Шу өңірінде археологиялық барлау жүргізген Ә.М. Оразбаев қола және ерте темір ғасырларының Жетіжар I, Жетіжар II, Жалаңаш, Тасжарған, Екіжалды I, Екіжалды II, Сұңқар, Жабалы Кеген обалар қорымдарын ашып, есепке алды және ғылыми айналымға енгізді.

---

1. Шалекенов У.Х., Алдабергенов Н.О., Загородний А.С. Отчет о раскопках на городище Ақтобе с 6 по 28 июля 1974 г. – Алма – Ата, 1974. –31 с. // Архив института Археологии имени А.Х. Маргулана. Опись №2. – Дело № 1384.

2. Научный отчет. Раскопки средневекового городища Ақтобе за сезоны 1974 и 1975 гг. – Алма-Ата, 1976. – 56 с. // Архив института Археологии имени А.Х.Маргулана. Опись №2. – Дело 1461.

3. Шалекенов У.Х., Оразбаев А.М. Некоторые данные о водопроводной системе средневекового города Актобе // История материальной культуры Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – С. 24-38.
4. Научный отчет. Раскопки средневекового городища Актобе в 1976 году. – Алма-Ата, 1976. – 84 с. // Архив института Археологии имени А.Х. Маргулана. – Инв. № 298.
5. Научный отчет. Раскопки средневекового городища Актобе в 1977 году. – Алма-Ата, 1977. – 141 с. // Архив института Археологии имени А.Х. Маргулана. – Описание №2. – Дело 1591.
6. Научный отчет. Раскопки средневекового городища Актобе в 1978 году. – Алма-Ата, 1978. – 133 с. // Архив института Археологии имени А.Х. Маргулана. – Инв. № 343.
7. Оразбаев А.М. Могильник Жеты-Жар I // История материальной культуры Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – С. 62-70.
8. Научный отчет. Раскопки средневекового городища Актобе в 1979 году. – Алма-Ата, 1979. – 106 с. // Архив института Археологии имени А.Х. Маргулана. – Описание №2. – Дело 1751.
9. Отчет по научно-исследовательской работе «Археолого-этнографическое изучение Чуйской долины» Тема КЭ – 008. – Алма-Ата, 1981. – 76 с. // Архив института Археологии имени А.Х. Маргулана. Описание №2. – Дело 1822.

*А.Б. Қалыш*

#### **ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ НЕКЕГЕ ТҮРУ ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Біз қарастырып отырған мәселе демограф, құқыктанушы, әлеуметтанушы, этнолог сынды мамандардың назарын аударатын көп қырлы, күрделі мәселе, сонымен қатар арнайы ресей ғалымдарының да зерттеулерінде көрініс тапқан [1-3]. Өкінішке орай қазіргі кезде біздің елімізде бұл мәселенің жәйттері қарастырылып жатқан жоқ. Сондықтанда бұл көтеріліп отырған мәселе неке құру динамикасында, болашақ жарын табуда шешуші бір рөл атқармақ.

Төңкеріске дейінгі кезеңде қалыңдық немесе күйеу тандау дәстүрлі заң жолымен немесе шарифат бойынша, олардың ата-анасы мен жақын туыстарының араласуымен шешілген. Бұлар көбіне қалыңдықтың не күйеу жігіттің ата-анасымен келісе отырып, өз беттерінше шешетін болған. Дегенменде, бірінші кезекте жастардың пікірімен санаспай және олардың жас мөлшерлеріне, әсіресе қызбаланың жасына қарамастан ақсүйектік, таптық ережені ұстанды. Бұның сарқыншақтары өткен ғасырдың орта шеніне дейін республикамыздың кейбір өңірлерінде сақталған. Бұндай дәстүрлі ұстанымдар туралы неке және отбасын зерттеуші, белгілі отандық ғалымдар Х.А. Арғынбаев, А.Ж. Жакипова, Ә.Т. Төлеубаевтың [4-6] еңбектерінде кеңінен баяндалады.

Кеңес одағының неке және отбасы туралы заңнамалық актілері мен кодекстері, сонымен қатар түрлі әлеуметтік-экономикалық, мәдени шараларының нәтижесі осы мәселелерге түбегейлі өзгерістер енгізді. Бұл бірінші кезекте әйелдерді басыбайлықтан босатып, оларды экономикалық тұрғыда тәуелді етіп, еңбекте, табыс табуда және демалыстарда ерлермен бірге тең құқылы етуге бағытталды. Бұл айтылған жәйттар мен іс-шаралар тез арада орындала қойған жоқ, біраз жылдар бойы неке-отбасылық және ішкі отбасылық қатынастар арқылы біртіндеп орындала бастады.

Бұрынғымен салыстырғанда жар тандау мәселесі қазіргі таңда некелесушілердің өз құзырларында. Әрине олар ата-ана, туған-туыс, жора-жолдастары, құрбы-құрдастарының пікірлерімен келісе отырып шешіледі, дегенменде олар некелесушілердің қаламайтын некеге мәжбүрлемейді. Бұл дәстүрлер кезінде жоғарғы буың, орта буың өкілдерінің басынан кешпесе, қазіргі кезде де жастардың да басында.

Бұл мәселені ашып көрсетуде, келесідегідей негізгі шарттарын қарастырамыз – *некелесу себептері, болашақ жарыңмен танысу себебі мен танысу орыны.*